

№2- тәжірибелік сабақ: Жаңа акторлардың қазіргі замандағы халықаралық қатынастардағы рөлі

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпта халықаралық саясатта актор ұғымын түсінеді. Мемлекеттің ерекшеліктерін түсіндіре алады. Ұлт пен ұлтшылдық ұғымының айырмашылықтарын танымын жасай алады. Халықаралық ұйымдарды сыныптандыра алады. Транс ұлттық компаниялардың халықаралық саясаттағы ролін анықтай алады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Ұлт азаттық күрес пен террор ұйымдарының арасындағы айырмашылықтарды біле алады. Жеке тұлғаның халықаралық саясатты құрудағы ықпалын анықтай алатын қабілет пен білімге ие болады. Сонымен қатар, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, ТНК, лоббизм, ұлт-азаттық күрес, террористік ұйымдар туралы мағлұматқа ие болады.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Либерал плюралист теорияны жақтаушылар тұлғаның ара тұра маңызды халықаралық актор бола алатынын айтуда. Мемлекетті тек актор ретінде көруші реалистер, жеке тұлғаның тек мемлекеттің өзіне берген өкілеттігі аясында ғана әрекет жасай алатынын және осыған байланысты мемлекеттен бөлек автономды әрекет жасай алмайтындықтан актор ретінде қабылдауға болмайтынын айтады. Бір келісім-шартқа қол қойған немесе халықаралық ұйымда сөз сөйлеген адам мемлекеттің басшысы не өкілі болуы мүмкін. Алайда оған осы өкілеттік міндетін берген мемлекет және реалистердің көзқарасы бойынша ол тек мемлекеттің өзіне берілген өкілеттік аясында әрекет етуде. Дегенмен де халықаралық саясатта кейбір оқиғалар болып жатады бұнда жеке тұлғалардың қабілеттерін, белсенділігін, парасаттылығы мен болашақты көре білуін жоққа шығаруға болмайды. Мысалға, Түркия Республикасының құрылуын Мұстафа Кемал Ататүріктің лидерлік, көшбасшылық қабілетін білмей түсіндіру мүмкін емес. Сондай-ақ Германияның құрылуында Отто фон Бисмарктың Еуропадағы тепе-теңдікті пайдаланып ең ұтымды уақытта ең дұрыс шешім қабылдау қабілетінің өмірлік маңызы болғанын айтып кеткен жөн. Бисмарктың реалполитика ұстанымын қабылдамаған II Вильгелм таққа отырған кезде Бисмарк канцлерліктен бас тартады. Жаңа король Ресеймен одақ құру саясатындан бас тартып, Германияны екі дүние жүзілік соғысқа киліктіреді. Сол секілді Мазанни болмстан Италияны, Кардинал Ришельесіз Францияның тарихын дұрыс сараптау мүмкін емес.

Халықаралық саясатта бір актор ретінде қабылдаған жеке тұлғалардың көбіне әртүрлі деңгейдегі мемлекет адамдары, шенеуніктер екені шындық. Дегенмен әрбір мемлекет адамы халықаралық саясатта актор бола бермейді.

Халықаралық саясатта өге акторлардың ұстанымдарының өзгеруіне себеп

болған тұлғалар аз да болса бар. Бұған көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалға, Палестина халқының бостандығы үшін өмір бойы күрескен Ясер Арафат, Оңтүстік Африка республикасында апартеид режимін құлатуда үлкен рол ойнаған Нелсон Мандела, Үндістанды Ұлыбританияның отарлық езгісінден құтқару үшін пассив күрес түрін ұйымдастырған Мохатма Ганди. Г.Киссенджер секілді сыртқы істер министрінің жүргізген челночная дипломатия нәтижесінде КСРО мен арадағы қарым-қатынас біраз жұмсап, қару- жарақты азайту келісім-шартына қол қойылады; Қытай мен АҚШ арасында алғашқы дипломатиялық байланыс орнатылады. Израиль мен Мысыр арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнатылып Таяу Шығыстағы мәселенің шешілуіне айтарлықтай үлес қосады. АҚШ-тың Вьетнамдан шығуына үлес қосқандығы үшін Киссенджер 1973-те Нобель Бейбітшілік сыйлығын алады. Қысқаша айтқанда, жекелеген тұлғалар өздерінің қабілеттері, бастама көтерушілігімен, болашақты көре білу парасаттылығымен халықаралық саясатқа ықпал жасайды. Бұлар мемлекет басшысы, дипломат, министр, мемлекеттің құрушысы болуы мүмкін.

Халықаралық қатынастарға қатысушылардың өзара әрекетін бейнелейтін «актор» термині халықаралық қатынастар ғылымындағы жиі қолданатын термин. Орыс тілі аудармасында бұл термин бізге «актер» ретінде естіледі. Ф. Брайар және М.-Р. Джалилидің айтуы бойынша, - «актор» - бұл белсенді қатысатын және маңызды рөл атқаратын кез- келген тұлға. Яғни, халықаралық қатынастар сферасындағы «актор» деп белгілі бір рөл ойнай алатын және өзгеге ықпал ете алатын кез-келген беделді топты, ұйымды бірлестікті түсіну керектігін көрсетеді.

Кез-келген субъект әлеуметтік қауымдастық, халықаралық қатынастарға белгілі бір ықпал еткен жағдайда, мемлекет және оның үкіметі тарапынан құрметке ие болған кезде

халықаралық қатынастар акторы ретінде санала алады. Осы себептен, әр актер халықаралық қатынастар қатысушысы болып саналғанымен, әр қатысушысы халықаралық актер бола алмайтындығын көре аламыз. Шетелдік ұйымдармен, кәсіпорындармен немесе шетел азаматтарымен қатынасы бар ұйым, кәсіпорын немесе топ әрдайым халықаралық актер ретінде көріне алмайды. Керісінше бұл рөлді жеке адам орындай алады.

Көптеген теориялық бағыттың және мектептің өкілдері дәстүрлі акторға мемлекеттерді, сонымен қатар халықаралық ұйымдарды және халықаралық жүйелерді жатқызады. Мортон Каплан халықаралық акторларды үш түрге бөледі:

ұлттық (тәуелсіз мемлекеттер)

трансұлттық (аймақтық халықаралық ұйымдар: мысалы, НАТО)

әмбебап (жаһандық ұйымдар: мысалы, БҰҰ)

Ал М.Мерль болса, халықаралық актер ретінде мемлекеттерді, халықаралық ұйымдарды және трансұлттық күштерді (мысалы, мульти ұлттық фирмалар, сонымен қатар бүкілжаһандық қоғамдық пікір) қарастырады. Брайар және М. Р.Джалили мынандай акторларды атайды, олар - ұлт-азаттық қозғалыстар, аймақтық және жергілікті қауымдастықтар: мысалы, жергілікті

билік органдарының Еуропалық Конференциясы, Коммуналардың Еуропалық Кеңесі т.б. Дж. Розенау басты халықаралық акторлар ретінде мемлекеттерді, ішкі жүйелерді (мысалы, жергілікті әкімшіліктердің органдары), трансұлттық ұйымдарды (мысалы, микросхема шығаратын «Европейские кремниевые структуры» компаниясы), когорталар (мысалы, этникалық топтар, шіркеулер және т.с.с.), қозғалыстарды санайды.

Көрсетілген мысалдардан халықаралық акторларға жататын ең басты типтер мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар екендігін көреміз. Осыдан көретініміз саяси реализм өкілдері үшін жалғыз болмаса да ең басты актор – мемлекет. Реалистердің бәрі өз негіздеулерінде мемлекеттің мүмкіндіктеріне арқа сүйегеніне (Г.Моргентау), екінші біреулері оның әлеуметтік саласына екіпін жасайтындығына (Р.Арон), үшінші біреулері экономикалық әлеуетіне жүгінгеніне (Ж.Бертэн) қарамастан, олардың барлығының тоғысатын жері мемлекеттің халықаралық қатынастардағы айнымас тұлға екендігін әйгілеу.

Бұған қарағанда модернистік бағыт өкілдерінің көзқарастары едәуір икемдірек. Салмақты халықаралық қатынастардың функционалдық жағына ауыстырып, мәселеге жүйелі келуге, модельдеуге, оларды зерттеуде сандық әдістерге т.с.с. иек арта отытып, модернизмнің өкілдері мемлекеттердің болмысын зерттеумен шектелмейді. Ғылыми айналымға халықаралық ұйымдардың қызметімен, трансұлттық корпорациялардың экономикалық экспансиясының халықаралық-саяси зардаптарымен байланысты мәселелерді, т.с.с. енгізеді. Сонымен қатар, біріншіден, әлдебір халықаралық актордың басымдылығы туралы мәселе олар үшін екінші кезектегі мәселе болып табылады.

Транснационализм және өзара тәуелділіктің (Р. Коохейн, Д.Най, Э.Скотт, С.Креснер және т.б.) теоретиктерінің ойына сәйкес халықаралық қатынастардың қазіргі кезеңіне тән ерекшеліктердің бірі халықаралық мемлекеттік емес ұйымдардың, мультиұлттық фирмалар мен корпорациялардың, экологиялық қозғалыстардың және т.б. пайда болуы мемлекеттің позициясына тасталған шақыру болып табылады. Халықаралық акторлар санының өсуі жаһандық саясатта мемлекеттің позициясын әлсіретіп жатыр, ал халықаралық жеке субъектілердің ролі мен маңызы керісінше күшейіп келеді. Ал «глобалистер» (Д.Бартон, С.Митчел және т.б.) әлемді мемлекеттер мен мемлекеттік емес акторларды біріктірген өрмекшінің өрмегі ретінде қарастырады, және одан ешкім қайтып шыға алмайтындығын айтады. Жалпы экономистер, саясаткерлер, заңгерлер, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, философтар «жаһандану» терминін әр түрлі түсіндіруде. Мәселен, оны жақтаушылардың пікірінше жаһандану – «әлеуметтік, мәдени, саяси, адамзатқа ортақ құндылықтар мен осы құндылықтар негізінде пайда болған табыстар және нәтижелердің ұлттық шекаралардан асып, күллі жиһанға таралуы; алуан мәдениеттер мен сенімдердің танылуы, өзара сіңісуі (синкретизм); тауарлар мен қызметтердің еркін айналуы; халықаралық қатынастар мен ықпалдастықтың нығаюы және идеологиялық жікшілдікке негізделген айырмашылықтардың жойылуы» болып табылады. Ал, жаһандануға қарсылар оны былай айқындайды: «Жаһандану дегеніміз Батыс

әлемінің үстемдігінің дүние жүзіне таралуы; осы мақсатқа жету үшін саяси, ғылыми және технологиялық әдістердің пайдаланылуы; Батыстың өзінің мәдениеті мен өркениетін дүние жүзіне үлгі етіп, күшпен мойындатуы; ұлттық мемлекеттердің ішіндегі алуан этностық және көпмәдениеттілік мәселелерін өз мүддесіне пайдаланып, ішкі қырқыстар мен ұлтаралық араздықтарды өршітуі; сөйтіп, ұлттық мемлекеттерді күйрету арқылы өз мақсаттарына жетуі; Батыс экспансионизмінің жаңа жаһандық сатысы, халықаралық капитал иелерінің дүние жүзін бір нарыққа және адамзатты тұтынушыларға айналдыруы, экономикалық іс-әрекеттерді өз монополиясында ұстауы; қысқаша айтқанда, Батыс империализмінің заманауи ұстанымдармен бекітілуі».

Мемлекет халықаралық құқықтың басты субъекті екені мәлім. Мемлекеттің сыртқы саясаты халықаралық қатынастар дәуірінің сипатын анықтайды, ол индивидтің тәуелсіздік деңгейі мен тұрмыс жағдайына тікелей ықпал етеді. Халықаралық ұйымдардың, басқа да халықаралық қатынастар қатысушыларының жұмыс істеуі және қызметі мемлекеттің оларға қалай қарайтынына тәуелді. Қазіргі заманда жаңа мемлекеттердің құрылу процесі әлі күнге дейін жалғасып келеді. Мысалы, ХҮ ғасырда әлемде 5-6 мемлекет болса, 1900 жылы оның саны 30-ға өседі. 1945 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына 60 мемлекет кірсе, 1965 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 мемлекет мүше болады, 1990 жылы 160 мемлекет, 1992 жылы 175 мемлекет, 1996 жылы 185 мемлекет кіреді. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болу үшін, мемлекет халықаралық субъект ретінде танылуы тиіс, яғни, мемлекеттің өзінің территориясы, халқы және тәуелсіз үкіметі болу керек.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы, қоғамның құл иеленушілер мен құлдарға бөлінуі құл иеленуші мемлекет құрылуына жеткізді. Кең мағынасында мемлекет дегеніміз – жария өкіметтің пайда болуы мен оның іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірінің ұйымдастырудың түрі және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі. Мемлекетті ұйымдастырудың формалары – монархия (абсолюттік және конституциялық), республика (парламенттік және президенттік), унитарлық мемлекет және одақтық мемлекет (федерация). Америкалық маман Д.Фрэнкел мемлекеттің пайда болуын адамдардың өз сұранысын жеке-жеке қанағаттандыра алмауынан көреді. Сондықтан олар топтарға бірігеді. Белгілі бір жағдайларға байланысты бұл топтар өзінің көлемі мен сипаты бойынша ерекшеленіп отырады. Бірақ олар да ұйымдастыру ерешелігіне, бөліну сатысына, құрылымына және басқа топтармен қарым-қатынасқа түсуіне байланысты жоғарыдағыдай мәселелерге тап болады. Сондықтан да олар бір мемлекеттің аясына бірігеді.

Мемлекеттің басты функциясы өзінің жеке территориялық шекарасының шеңберінде тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдастықтың әлеуметтік және экономикалық дамуына жағдай жасау, халықты еңбекпен қамтып, негізгі сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

Жаһандық бірлестіктегі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды жүзеге асырудың басты әдісі – сыртқы саясат. Сыртқы саясатты біз мемлекеттердің халықаралық істердегі жалпы бағыты ретінде түсінеміз.

Сыртқы саясат әр түрлі әдістер және тәсілдермен жүзеге асырылады, ол мемлекеттер мен халықтар арасындағы қарым-қатынастарды реттейді. Сыртқы саясат мемлекеттердің ішкі саясатымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда оның басты міндеті мемлекеттердің мақсаты мен мұратына жету үшін қолайлы халықаралық жағдай жасаудан болып табылады. Ал бұл өз кезегінде сыртқы саясатқа мемлекеттер арасында шиеленістер мен соғыстарды болдырмау, бейбітшілікті сақтау функциясын жүктейді.

Сыртқы саяси бағытты қалыптастыру үшін сыртқы саяси теорияның үлкен маңызы бар. Оның негізінде сыртқы саяси мақсаттарды жүзеге асырудың ең тиімді тәсілдері, әдістері жасалады. Бұл сыртқы саяси іс-шараларды жоспарлауды және үйлестірудің мүмкіндіктерін, сондай-ақ шешім қабылдаудың әдістерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Сыртқы саясат арнайы құрылған мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады. Көптеген елдерде, сондай-ақ Қазақстанда мұндай орган Сыртқы Істер Министрлігі, АҚШ-та мемлекеттік хатшы басқаратын Мемлекеттік Департамент, ал Франция мен Аргентинада сыртқы саясат органы Сыртқы байланыстар министрлігі болып табылады. Сыртқы саясатты жүзеге асырудың басты құралы – дипломатия. Дипломатия – белгілі бір мемлекеттің сыртқы саясат саласындағы мақсаттары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын қорғауға бағытталған сол мемлекет пен үкімет басшыларының және арнаулы сыртқы ұйымдарының халықаралық қатынастағы саяси әрекеті. Ганс Моргентау өзінің «Ұлттар арасындағы саяси қатынастар. Билік үшін күрес» атты еңбегінде «Дипломатия – егеменді ұлттар қауымдастығы ұсынатын бейбітшілікті сақтаудың ең тиімді құралы екендігін мойындай отырып», оны «қазіргі жаһандық саясат пен қарсы тұрушылық жағдайында жеткіліксіз құрал»- деп санады. Мемлекетаралық қатынастардың негізгі принципі өзара мүдделілік болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттер бір-бірімен қарым-қатынасты тең құқықтық, өзара тиімділік негіздерінде құру керек.

«Халықаралық қауымдастықтың» алғашқы теоретиктерінің бірі И.Кант және Г.Гроций мемлекетті «мемлекеттік қоғам» контекстінде қарастыруға тырысты. Олар мемлекеттің өзара бірлесіп және ынтымақтасып өмір сүруінің шарттарын анықтауды мақсат етіп қойды, бұл орайда құқықпен реттелетін қарым-қатынастарға ерекше көңіл бөлді. Сол арқылы олар халықаралық құқық пен халықаралық қатынастар теориясын жасауға серпін берді.

Жаһандық қауымдастық дегеніміз мемлекеттердің арасындағы тұрақты байланыстар, өзара тәуелділік пен қарым-қатынастар элементтерінің жиынтығы болып табылады. Бұл өзінің айрықша жүйе құрайтын сипаттамалары, құрылымдары мен қызметтері бар бірыңғай жүйе. Оның орталық, өзекті элементтері жекелеген мемлекеттер болып табылады. Яғни, басқаша айтқанда, жаһандық қауымдастық дегеніміз – ортақтандырылған мемлекеттік жүйе болып табылады. Оның өзгеріске ұшырағанына қарамастан, қазіргі күндері мемлекеттер онда шешуші рөл атқарады. Оған себеп – халықаралық жүйенің негізгі бөлігі болып отырған халықаралық ұйымдардың көпшілігінің мемлекеттің күші және оның мүддесіне сәйкес құрылуы.

Мемлекеттің пайда болуы мен мәнін түсінудегі шешуші мәселе «ұлттық-

мемлекеттік егемендік» болып табылады. Оның ішкі және сыртқы астары бар. Мәселенің бір қыры мемлекеттің өзін-өзі анықтау бостандығына қатысты болса, екіншісі олардың бір-бірінің ішкі істеріне араласпауына қатысты болып отыр. Алайда, ұлттық мемлекеттердің егемендік принципі халықаралық қатынастардағы әр түрлі нәтижелерге әкеледі.

Біріншіден, әр мемлекет сыртқы саясатта қарама-қайшы үрдістерді үйлестіруге мәжбүр. Қазіргі американ саяси ғылымдарының негізін қалаушыларының бірі А.Уолферстің айтуына қарағанда, әр мемлекет осы терминнің кең мағынасын алғандағы ұлттық экспансияға (self-extension) ұмтыла алады. Бұған территорияны кеңейту, ықпалды арттыру, ресурстарды ұлғайту, одақтастарды көбейту жатады. Ол өзінің кеңістігін, өзінің ұлттық мүддесін (self-preservation) қорғауға (сақтауға) мүдделі. Ең ақырында ол бейбітшілікті және мемлекетаралық қатынастарды нығайтудың (self-abnegation) пайдасы жолында өз пайдасынан бас тарта алады.

Екіншіден, әр мемлекет өзінің қауіпсіздігін нығайтуға ұмтылады. Бірақ егемендіктердің плюрализм жағдайында “бұл ұмтылыс барлық егеменді мемлекет - ұлттарға тән болғандықтан, қауіпсіздік дилеммасы” деп аталатын халықаралық қатынастардың ең күрделі, әрі көкейкесті мәселесін тудырады. Оның мәні мынада: мемлекеттердің біреуінің қауіпсіздігін арттыру екінші бір мемлекеттің қауіпсіздігінің әлсіреуі ретінде қаралып, оның тарапынан қару-жаракты көбейтуден бастап, үздіксіз соғысқа дейінгі әрекетті тудыруы мүмкін.

Ең ақырында, үшіншіден, егер барлық мемлекет-ұлттар тең деп есептелінсе, Б.Рассет пен Х.Старр қулана атап көрсететіндей, олардың қайсы біреулері өзгелерге қарағанда теңірек”. Шынында да, халықаралық құқық тұрғысынан алып қарағанда мемлекеттердің формальдық-заңдық тепе-теңдігі олардың өздерінің аумағы, халқының саны, табиғи ресурстары, экономикалық элеуеті, саяси беделі, қару-жарағының мөлшері жөнінен әр түрлі екендігін өзгерте алмайды. Бұл әркелкілік олардың ұлттық күш-қуаты тұрғысынан алып қарағанда байқалып қалады. Мұндай теңсіздіктің нәтижесі мемлекеттердің халықаралық аренадағы іс-жүзіндегі алатын орындарын аңғартатын халықаралық жіктеме (стратификация) болып табылады.

Халықаралық (мемлекетаралық) жіктеменің ең кең тараған түрлерінің бірі мемлекеттердің өз егемендігін сақтап қалу үшін пайдаланатын күш мүмкіндігінің әр түрлі болуынан шығады. Осыдан мемлекеттер бес топқа бөлінеді:

Супердержавалар - Ұлы державалар - Орта державалар

Шағын мемлекеттер - Микромемлекеттер

Супердержаваларды келесі белгілермен ерекшелеуге болады:

а) ядролық қаруға ие болуымен, экономикасының дамуымен, әскери күшімен планетарлық ықпал жасай алатын;

б) бүкіл адамзаттың өмір сүруіне ықпал жасай алатын;

в) кез-келген мемлекеттен немесе коалициядан өзін-өзі қорғай алатын мемлекет, бұл мемлекет жеңілуі мүмкін емес. Қазіргі кезде супердержаваға бір ғана мемлекет жатады, ол – АҚШ.

Ал супердержаваларға қарағанда ұлы державалар халықаралық қатынастарда үстем болмаса да, әлемнің дамуына ықпал ете алады. Көп ретте ұлы державалар жаһандық өріске шыққысы келеді, ал шындығында олардың үстемдігі өзінің аймағымен ғана шектеледі. Мұндай елдерге Германияны, Жапонияны, Қытайды, Ресейді, Францияны жатқызуға болады.

Орта державаларға өзі-өзі қорғай алатын, өзінің қоршаған ортада ықпал жасай алатын мемлекеттер жатады. Оған Канада, Италия, Үндістан, Түркия, Иран, Бразилия жатады. Қазақстан Республикасын осы топқа жатқызуға болады.

Шағын мемлекеттерге өзінің тәуелсіздігі мен территориясын сақтап қалу үшін қаржысы бар және экономикасы тұрақты, бірақ әлемге, аймаққа ешқандай ықпал жасай алмайтын мемлекет жатады. Микромемлекеттер өзін-өзі қорғай алмайды.

Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушыларына негізінен үкіметаралық ұйымдар (МПО), мемлекеттік емес ұйымдарды (НПО), трансұлттық корпорацияларды (ТНК) және т.б. әлем аренасында көзге түсетін қоғамдық күштер мен қозғалыстарды жатқызады. Олардың халықаралық қатынастағы рөлі мен ықпалы ХХ ғасырда, әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін үздіксіз артып келді. Француз ғалымы Ш.Зоргбид халықаралық ұйымдарды айқындайтын үш басты қасиетті атап көрсетеді: бұл біріншіден, құрылтайлық құжаттарда көрініс тапқан ынтымақтастыққа деген саяси ерік; екіншіден, ұйымды дамытуға жалғастықты қамтамасыз ететін тұрақты аппараттың бар екендігі; үшіншіден, мәртебе мен шешім қабылдаудағы дербестілік.

Халықаралық үкіметаралық ұйымдар осы қасиеттердің барлығына ие. Олар халықаралық шарттарға сәйкес құрылып, мемлекеттердің тұрақты бірлестігі болып табылады. 1815 жылғы Вена Конгресі Наполеон соғысының аяқталуы және халықаралық қатынастардағы жаңа дәуірдің басталуы жағдаында өтті. Конгресстің соңғы актінде жаңа үкіметаралық ұйымның құрылуы туралы жарияланды (Рейн бойымен кеме жүрудің тұрақты комиссиясы). ХІХ ғасырдың аяғында дүниеде ондай ғандай ұйымдар пайда болды. Мұндай ұйымдар мемлекеттер арасында өндіріс, техника және коммуникация т.б. салаларында ынтымақтасуына себепкер болды: Халықаралық Санитарлық Конвенция (1853), Халықаралық Телеграф Одағы (1865), Халықаралық өлшем және салмақ бюросы (1875), Халықаралық Пошта Одағы (1878), Өндіріс жеке меншігін қорғау одағы (1883), Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол, 1923), Халықаралық ауылшаруашылық институты т.б..

Саяси үкіметаралық ұйымдар (ҰАҰ) негізінен бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін (Ұлттар Лигасы, Халықаралық еңбек ұйымы т.б.) пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1945 жылы ең ірі, ең беделді саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда мүше елдердің қауіпсіздігі мен тыныштығының, өркендеуінің кепілі бола алатын Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылады. БҰҰ-ның басты мақсаты дүниежүзілік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қазіргі заманның басты мәселелерін шешуге ат салысу, барлық мүше

мемлекеттердің еркін дамуы мен гүлденуіне қолайлы жағдай тудыру болып табылады. БҰҰ жұмысында кемшіліктер жоқ емес. Оған себеп қазіргі дәуіріміздің көптеген көкейтесті проблемалары, оның ішінде қарусыздандыру мәселесі шешілмейуі. БҰҰ-ның ширек ғасырлық өмірі іс жүзінде кейбір кемістіктеріне қарамастан, кейде оның Жарғыда белгіленген принциптердің бұрмалануына қарамастан, оның мемлекеттер арасында достық қарым-қатынастарды, ынтымақтастықты қалыптастырып, дамытудағы ролінің даусыз екендігі белгілі. Жаңа ғасырдың басында БҰҰ-ның қайта құру мәселесі адамзат үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Оның шешілу тәртібі жер бетіндегі саяси ахуал мен халықаралық қатынастар сипатына ғана емес, сонымен қатар, жалпы жаһандық дамудың беталысын көпке дейін анықтар түрі бар.

Мемлекеттер арасында әр түрлі салаларда ынтымақтастықты кеңейту үшін көптеген үкіметаралық ұйымдар (ҰАҰ) құрылған: олардың ішінде әлемнің ең дамыған 24 мемлекеттің біріктіретін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (1960), Еуропа Кеңесі (1949), Көмір және Болат Еуропалық Бірлестігі (1951), Еуропалық Экономикалық Бірлестік (Ортақ нарық, 1957), Атом Энергетикасы бойынша Еуропа Бірлестігі (Еуратом, 1957), Ашық сауданың Еуропалық ассоциациясы (ЕАСТ, 1960), Араб Мемлекеттері Лигасы (1945), Америка Мемлекеттері Ұйымы (1948), Африка Бірлігі Ұйымы (1963), және т.б.. 70- шы жылдардың басында үкіметаралық ұйымдардың саны 220-ға жетсе, қазіргі күні олардың саны 400-ге жетеді.

Үкіметаралық ұйымдардың (ҰАҰ) және олардың қызметкерлерінің санының өсуі мемлекеттердің өзара тәуелді екенін және олардың көпжақты ынтымақтастығының өркендеп келетіндігін көрсетеді. Мұндай ұйымдардың кейбіреулері мемлекеттерге бағынбайды. Сол себептен олар мемлекеттің әр түрлі саладағы саясатына ықпал жасай алады, яғни ұлттан тыс институт ролін ойнай алады.

Бірақ бұл жерде маңызды бір анықтама беруіміз керек. Сөздің шын мағынасында алғанда ұлттан тыс институттар дегеніміз – шешімдері онымен келіспейтін мүше- мемлекеттер үшін де міндетті саналатын құрылым. Бұл халықаралық қатынастарда сирек кездеседі. Бүгінгі күні осыған ұқсас институттар Еуропалық одақ шеңберінде жұмыс істейді ҰАҰ-ң жіктелісі әртүрлі. Көптеген ғалымдардың айтуы бойынша, олардың ешқайсысы да мінсіз болып есептелгенімен, олар салыстырмалы түрде жаңа ықпалды халықаралық актор жөніндегі білімді бір жүйеге келтіруге көмектеседі. Жіктеудің көп тараған үлгісі бойынша оларды қызметінің саласы мен “геосаяси” өлшемі бойынша топтауға болады. Геосаяси өлшем бойынша үкіметаралық ұйымдарды (ҰАҰ) мынадай типтерге бөледі: *амбебап* (мысалы, БҰҰ немесе Ұлттар Лигасы); *аймақаралық* (мысалы, Ислам Конференция Ұйымы); *аймақтық* (мысалы, Латын Америка Экономикалық Жүйесі); *субаймақтық* (мысалы, Бенилюкс). Екінші критерийге сәйкес мыналарға бөледі: *ортақ мақсаттағы* (БҰҰ); *экономикалық* (ЕАСТ); *әскери-саяси* (НАТО); *қаржылық* (ХВФ, Жаһандық Банк); *ғылыми* (“Эврика”); *техникалық* (Халықаралық Коммуникация Одағы).

Сонымен бірге бұл жіктеме едәуір шартты болып есептеледі. Біріншіден,

көптеген ұйымдар екі түрлі критерийге жауап беретіндіктен, оларды қарама-қарсы қойып қарастыруға болмайды. Тар арнада мамандырылған (узкоспециализированный) және және субаймақтық болып табылатын Шығыс Африка елдерінің шөл шегірткесін бақылау ұйымы сияқты ұйымдар осыған дәлел. Екіншіден, салалық принцип бойынша жіктеме салыстырмалы түрде ғана: өйткені кейбір үкіметаралық ұйымдар экономикалық және саяси функцияларды қатар алып жүре алады. Бұл, мысалы, либералдық нарықтық қатынастарға мүше мемлекеттерде қызмет етуіне алғышарттар жасауды өздеріне міндет санайтын Жаһандық Банк немесе БСҰ (ВТО) сияқты ұйымдарға қатысты. Мұның өзі саяси мақсат болып табылады. Үшіншіден, ҰАҰ-ның қызметтік қана емес, саяси автономиясының да маңызын асыра бағалауға болмайды. Мысалы, БҰҰ-ның 100-ші бабында былай делінген:

«I. Өз міндеттерін атқару барысында Бас Хатшы немесе Секретариатын құрамы Ұйымнан тыс тұрған қандай да болмасын бір үкіметтің, биліктің пікірін сұрамауға, олардан нұсқау алмауға міндетті. Олар халықаралық дәрежеде қызмет атқаратын, тек Ұйымның алдында ғана жауап беретін тұлға ретіндегі жағдайына ықпал ететін барлық әрекеттен бойын аулақ ұстауы шарт.

II. Ұйымның әрбір мүшесі Бас Хатшы мен Секретариат құрамының міндеттерінің қатаң халықаралық сипатын сыйлап, оларға өз міндеттерін атқару кезінде ықпал етуге тырыспауы керек».

Бірақ іс жүзінде БҰҰ-ның және оның институттарының қызметіне АҚШ пен оның одақтастары шешуші ықпал етеді. Бұған жоғарыда аталған институттарда қолданылатын шешім қабылдарда дауыс беруді теңестіретін принцип ықпал етеді. Сол принцип бойынша осы институттарға ең көп қаржылай қолдау көрсетуге мемлекеттердің ғана мүмкіндігі бар. Сондықтан, АҚШ Халықаралық Валюта Қорында және Жаһандық Банкте дауыстардың 20 пайызын иемденеді. Мұның бәрі ҰАҰ-ның, соның ішінде өзінің мақсат-міндеттері бойынша ең ірісі саналатын БҰҰ-ның тиімділігі мәселесін алға тартады.

Халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және мемлекеттер арасындағы қатынастар мен ынтымақтастықты нығайту мақсатында құрылған БҰҰ қырғи-қабақ соғыс жағдайында қиян-кескі насихаттық айқастардың алаңында айналып, бірыңғай саясиландырылған мекеме ретінде көрінді және оған қойылған мақсатты орындай алмады. Сондықтан, қазіргі кездегі БҰҰ қайта құру туралы көп айтылып жүр. БҰҰ-ның қазіргі Бас хатшысы Кофи Аннан 1998 жылдың 16 шілдесінде БҰҰ Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде «Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңарту: қайта құру бағдарламасы» деп аталатын баяндама жасады. Аталмыш баяндамада мүше мемлекеттер назарына БҰҰ жетекшілік пен басқарудың жаңа құрылымын жасау жөніндегі шаралары, оның қаржыландыру жүйесін жетілдіру, БҰҰ саясатын толығымен іске асыруға бағытталған жаңа қадамдарды қамтыған қайта құрулардың кешенді пакеті ұсынылды.

Қазіргі үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) халықаралық қатынастағы рөлі артып келеді. Үкіметтік емес ұйымдардың Үкіметаралық ұйымдардан айырмашылығы, ҰЕҰ - аумақтық емес құрылымдар болып есептеледі, яғни

олардың мүшелері тәуелсіз мемлекеттер емес. Олар үш критериге жауап береді: құрамы мен мақсатының халықаралық сипаты; құрылтайшысының жекелік сипаты; қызметінің еріктілік сипаты. Сондықтан оларды «жаңа акторларға» (М.-К. Смуц), «тәуелсіздіктен тыс акторларға» (Д. Розенау), «трансұлттық күштерге» (М.Мерль), «трансұлттық ұйымдарға» (Ш.Зоргбиб) т.с.с. жатқызады.

Үкіметтік емес ұйымдардың тар және кең өрісті түсініктері бар. Біріншіге сәйкес оларға қоғамдық-саяси қозғалыстар, трансұлттық корпорациялар (ТНК), тіпті мемлекеттің қамқорлығымен құрылған және қызмет істеп жүрген ұйымдар да жатпайды. Мәселен, Ф.Брайар және М.-Р. Джалили Үкіметтік емес ұйымдар (НПО) деп бірнеше елдің мемлекеттік емес институттары мен жеке адамдарды біріктіретін арнайы саладағы ынтымақтастық құрылымын түсінеді: діни ұйымдар (мысалы, Экумендік шіркеулер Кеңесі); ғалымдар ұйымдары (мысалы, Пагоуш Қозғалысы); спорт (ФИФА); кәсіподақтық (МФП); құқықтық (Халықаралық Амнистия) және т.с.с. ұйымдар, бірлестіктер, мекемелер және ассоциациялар.

Керісінше, Ш.Зоргбибтің ойынша «НПО» термині ұйымдар мен институттарды үшке бөледі. Біріншіден, «қоғамдық пікірдің күші». Олар халықаралық актор ретінде әлем экономикасына ықпал жасауға мемлекеттерге қарсы бәсекелес бола алмайды, бірақ қоғамдық пікірге елеулі әсер ете алады. Бұған түрлі «интернационалдар»: саяси (мысалы, Социнтерн); діни (мысалы, Экумендік шіркеулер Кеңесі); гуманитарлық (Халықаралық Қызыл Крест) жатады. Екіншіден, —жеке трансұлттық билік, яғни әлем аренасында жаңа

«экономикалық, оккульттық және бақыланбайтын күштер», яғни, ұйымдар мен институттардың пайда болуын көрсетеді. Олар халықаралық қатынастағы саяси және экономикалық билік арасындағы қайшылықты көрсетеді және «әлемнің қоғамдастық» ұйымын қатты сілкіндіреді. Бұған трансұлттық кәсіпорындар (ТҰК) жатады. Үшіншіден, бұл «өндіруші-мемлекет ассоциациясы». Сөз өзінің құрылымы және құрамы бойынша үкіметаралық, ал қызмет сипаты бойынша трансұлттық болып табылатын ұйымдар жайында болып отыр, олар халықаралық қауымдастыққа өзінің экономикалық үстемдігін орнатқысы келеді. Бұған мыналар жатады: Мыс экспорттаушы елдердің үкіметаралық кеңесі, Темір экспорттаушы елдер ұйымы, Халықаралық Боксит Ассоциациясы және міндетті түрде Мұнай Экспорттаушы Елдердің Ұйымы (ОПЕК).

Сонымен, сөз негізінен халықаралық қатынастардың барлық мемлекеттік емес қатынасушылары туралы болып отыр. Д.Розенау оларды мемлекеттік халықаралық акторлардың дәстүрлі әлеміне қарама-қарсы «екінші әлем» немесе үлкен, тіпті шексіз қатысушылардан тұратын «полиорталықты әлем» деп атайды. Олар белгілі бір жағдайда мемлекеттерге тәуелді емес.

Алайда, осы терминнің «тар мағынасында» (сірә, дәлірегі де осы шығар) үкіметтік емес ұйымдар (НПО) алғашқы үкіметтік емес ұйымдар пайда болған ХІХ ғасырдан бері бүгінгі күнге дейін кезеңде үлкен даму сатысынан өтті. Алғашқы халықаралық үкіметтік емес ұйым Құлдыққа қарсы Британ және Халықаралық қоғамы 1923 жылы құрылды. ХХ- ғасырдың басында көптеген

ерікті қоғамдар құрыла бастайды. 1905 жылы дүниеде 134 ҰЕҰ қызмет етсе, 1958 жылы олардың саны мыңға жетеді, 1972 жылы 2190-нан 2470-ке жуық ҰЕҰ, ал 80-ші жылдардың аяғына олардың саны 4000-ға жетеді. Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың пайда болудың қарқынды үрдісі БҰҰ құрылғаннан кейін басталды. Көптеген ХҰЕҰ консультативті статусты БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі арқылы алады, ол БҰҰ Жарғысының 71 және 58 бабында белгіленген.

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар (ХҰЕҰ) өзінің мөлшері, құрылымы, қызмет бағыты және мақсаты бойынша өзгешеленеді. Бірақ оларды мемлекеттер мен сондай-ақ үкіметаралық ұйымдардан айыратын жалпы ерекшеліктері бар. Біріншіге қарағанда, олар актор ретінде санала алмайды. Екінші айырмашылығы, оларды ұйымдастырушы мемлекеттер емес, кәсіби, діни немесе жеке ұйымдар, мекемелер, институттар болып табылады, сонымен қатар олардың қабылдаған шешімдері мемлекет үшін заңдылық күші жоқ. Бірақта олар өздеріне қойған мақсаттарына тек қана кәсіби салада ғана емес, сонымен қатар саяси салада да жетеді. Бұл мемлекеттің тарапынан кей жағдайларда ұлттық егемендіктің «қасиетті принципін» құрбан етуге мәжбүр болатын міндеттерге де қатысты. Соңғы кездері кейбір үкіметтік емес ұйымдар, әсіресе, адам құқығын қорғаумен, экология проблемаларымен және гуманитарлық көмек көрсетумен айналысатын ҰЕҰ-дың «егеменді мемлекеттердің ішкі ісіне араласу құқығына» қолдары жетті.

ҰЕҰ-дың халықаралық саясат сферасындағы басты «қаруы» халықаралық қауымдастық пікірін жұмылдыру, ал мақсатына жету әдісі - Үкіметаралық ұйымдарға (ең бастысы БҰҰ-на) және тікелей мемлекеттерге ықпал жасау болып табылады. Дәл осылай, мысалы, Гринпис, Халықаралық Амнистия, Адам құқығы бойынша Халықаралық Федерация немесе Қинауға қарсы күресуің Халықаралық Ұйымы (соңғы ұйымның ерекшелігі қинауы қолдануға қарсы күресу үшін 150 ұлттық ұйым бірігіп, күш салады). Сондықтан бұндай ҰЕҰ-ды көбінесе «халықаралық қысым жасау топтары» деп атайды. Біз білетініміздей саяси әлеуметтануда «қысым топтары» термині қоғамдық ұйымдардың саяси партиялардан айырмашылығын белгілейді: егер партиялар қоғамдағы биліктік функцияларды орындауға ұмтылса, қысым көрсету топтары биліктік құрылымдар мен институттардан тыс өзінің мүдделерін қорғаумен, билікке ықпал жасаумен шектеледі (мысалға, кәсіподақтар, кәсіпорындық бірлестіктер, әйелдер ұйымдары және т.с.с.).

Мүмкін, ҰЕҰ-дың барлығы халықаралық қысымдық топтар рөлін ойнамайтын шығар (оған себеп БҰҰ-ның ЭКОСОС және оның институттары арқылы олардың консультативтік статусқа ие болуы). Алайда, олардың ықпалы қосыла келіп, халықаралық қатынастардың сипатын өзгертіп жібереді. Олар дәуірі өтіп бара жатқан дәстүрлі мемлекетаралық қатынастарға жаңа бет алыс пен мән берді.

Халықаралық байланыстардың мәні мен бағыттарына трансұлттық корпорациялар (ТҰК) сияқты өзіндік ерекшелігі бар үкіметтік емес ұйымдар ықпал етеді. Олар қоғамдық қатынастардың экономика сияқты маңызы саласында мемлекеттердің ұлттық егемендігін әлсіретеді. Мәселе кәсіпорындар,

мекемелер және ұйымдар жайында болып отыр және олардың мақсаты пайда табу; олар өздерінің бірнеше мемлекеттегі филиалдары арқылы жұмыс істейді, ал ТҰК-ң басқару және шешім қабылдау орталығы осы мемлекеттің біреуінде орналысқан.

Шындығында да әлемнің ірі трансұлттық корпорациялары (ТҰК) орасан зор экономикалық ресурстарға ие болғандықтан, олардың басымдылығын тек қана ұсақ мемлекеттер ғана емес, сонымен қатар, кей кездері орта және ұлы державалар да сезеді. Мысалы, «Эксон» компаниясының саудасы 70-жылдардың ортасына 30 миллиард долларға жетті, бұл Швейцария сияқты экономикасы дамыған елдің жалпы ұлттық өнімінің (ВНП) көлемінен артық. Бұл ТҰК-ға өз мүдделеріне орай саяси салаға да - өздері орналысқан елдерге ғана емес, тұтас алғанда бүкіл әлемге үлкен ықпал жасауға мүмкіндік береді. Бұған мысал ретінде американдық ИТТ компаниясының 70-ші жылдардың басында Чилидегі Сальвадор Альенденің үкіметін құлатқанын айта кетуге болады.

ТҰК - қарама-қайшылығы көп құбылыс. Олар сөз жоқ өздері орналысқан елдердің халық шаруашылығын дамытуға, экономикалық еркіндік пен саяси либерализмнің құндылықтары мен дәстүрлерін таратуға жағдай жасайды. Сонымен бірге олар құрылымдық өзгерістер мен еңбекті және өндірісті интенсивтендіруге байланысты әлеуметтік сілкіністерді, билік пен тәуелділіктің - экономикалық, технологиялық, кейде тіпті саяси өзгерістердің жаңа нысандарын ала келеді. Олардың қызметі кейде бұрыннан бар экономикалық проблемаларды асқындырып, жаңаларының пайда болуына душар етеді. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениеттердің жойылуына себепкер болады. Сонымен бірге ТҰК- р шаруашылық саласында экономикалық өзара тәуелділік пен әлемнің бірлігін күшейтіп, планеталық, ортақ өркениетті құбылыс ретінде бірінғай ғаламдық мәдениеттің қалыптасуына алғышарттар жасайды. Мұнын бәрі әртүрлі нәтижелер беріп жатады. Сондықтан да ТҰК-ды марксистік және неомарксистік, сондай-ақ либералдық- демократиялық сипаттағы идеялық-теориялық ағымдар жан-жақтан сынға алып жатады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде халықаралық қауымдастық ТҰК-дың қызметін белгілі бір ережелерге бағындырып, оларға шектеулер орнатуға тырысты. Алайда, ОЭСР мен БҰҰ- ның осы орайда жасаған іс-әрекеттері күткендегідей нәтиже бермеді. Өйткені, саяси ықпалы күшті және экономикасы дамыған елдер нарықтық экономиканың кедергісіз дамуына мүдделі болып отыр.

Қазіргі кезде әлемде жеті мыңға жуық трансұлттық корпорациялар қызмет етеді және олардың көптеген елдерде 26 мыңға жуық филиалдары бар. Алайда, олардың тікелей экспорттық-импорттық және инвестициялық қызметі негізінен алғанда АҚШ, Еуропа Экономикалық Қауымдастығы және Жапония сияқты үш экономикалық аймаққа ғана қатысы бар, көптеген дамушы елдер бұл аймақтардан сырт қалған. Нарықтардың салыстырмалы түрде қорғалуы, білім, қажетті кәсіптік біліктілігі жоғары жұмыс күшіне кепілдікті қамтамасыз ететін зерттеу және ақпараттық салалар инфрақұрылымының дамығандығы жоғары технологиялардың таралуына, барлық үш аймақты да тұрмыстық және тұтыну деңгейінің өзара жақындауына алып келеді. Трансұлттық

корпорациялармен бақыланатын экономикалық үрдістер, яғни, халықаралық сауданың, қаржы айырбастау және озық технологиялардың таратылуының үлкен бөлігін қамтиды. Сөйтіп, АҚШ пен қалған әлемнің арасындағы сауда байланысының 80 пайызы ТҰК-дың қолында. 1988 жылы америкалық ТҰК-н филиалдарынан тауар мен қызмет көрсету экспорты 87 миллиард долларды құрады, бұл бүкіл АҚШ импортының 19 пайызы.

Көрсетілген үрдістер Еуропада, Америкада және Азияда экономикалық интеграцияға, бәсекелестіктің күшеюіне, сонымен қатар қазіргі замандағы басты экономикалық аймақтардағы өзара тәуелділікке мүмкіндік туғызды. Осының арқасына олардың саяси сипаттағы зардабы болғаны заңды.

Мүмкін, бұл зардаптардың қазіргі заманғы әлемнің және халықаралық қатынастар сипатының — кездейсоқ өзгерістеріне әкеліп соқтырған ең маңызды оқиғалары, ол КСРО- дағы дағдарыс, «дүниежүзілік социалистік жүйенің», кейіннен Кеңес Одағының құлауында шығар. Әрине, көрсетілген оқиғалардың терең ішкі себептері де болды — ол 1917 жылғы революция нәтижесінде болған әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйенің тиімсіз болуы, қылмысты режимдер, біліксіз және коорупцияланған басшылар т.с.с. болуына байланыты. Әсіресе, бұл ішкі себептер 60- жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында орын алған постиндустриалды революцияның нәтижесінде, яғни, Батысқа оңай соқпаған кездері және шын мәнінде біздің елімізге тимей кеткен оқиғадан кейін болды. «Мұнай долларларынан» өздеріне пайда табуға қызыққан қабілетсіз басшыларының кесірінен КСРО сол кездегі прогрессивті дамып келе жатқан микроэлектрондық технология дамуынан қалып қойды. Ал экономиканы «тездету» және «қайта құру» жолдары арқылы жаһандық дамыған мемлекет деңгейіне жеткізу әрекеті ештеңеге әкелмеді және бұл саяси жүйенің қайта құрылуға қабілетсіз екенін көрсетті.

Бүгінгі замандағы ТҰК-дың басты ерекшелігі бұрынғысынша олардың қызметінің халықаралық сипаты болып табылады. Бұл, әрине, капиталдың қай елде пайда болуына байланысты емес, олардың қызметінің қай елде жүріп жатуына байланысты. Мәселені капиталдың қай елден келуі емес, қаншасы қайда ұмтылатындығына, қанша пайда алынатындығына байланысты. Қазіргі халықаралық корпорациялардың басым бөлігі көп ұлттық капиталды емес, белгілі бір ұлттық капиталды білдіреді.

Халықаралық корпорациялардың мынадай негізгі сипаттары бар:

біріншіден, ол жаһандық шаруашылықтың дамуының, халықаралық еңбек бөлінісі процестерінің белсенді қатысушысы; екіншіден, ұлттық шекараларда жүріп жататын процестерден капитал қозғалысының белгілі бір дәрежеде дербестігі; үшіншіден, өз операцияларын жоғары пайда алу мақсатында ұйымдастыра отырып, ол жаһандық шаруашылық қатынастарын объективті түрде реттейді.

ТҰК-дың кейбір белгілі зерттеушілері олардың мемлекеттердің экономикасы мен саясатына жан-жақты ықпалын мойындап қана қоймай, ТҰК-лар адамзатқа пайдалы деп есептейді. Оның қызметі бүкіл адамзаттың игілігіне бағытталған, бұл әлемде бейбітшіліктің сақталуына ықпал етеді. ТҰК-лар әлемдегі бейбітшіліктің сақталуына, даулы мәселелердің бәрі келісөздер

арқылы шешілуіне мүдделі.

Қазіргі көп ұлтты корпорациялардың екі сипаты бар: бір жағынан өндірістік бірліктердің көп елдерге шашыратып орнатылуына негізделген халықаралық өндіріс жүйесінің орнауы және екінші жағынан — оның өндірістің озық салаларына енуі. Оның жылдам дамуы кәсіптілігі жоғары мамандарды жұмылдыратын көп капиталдың жұмсалудына ықпал етеді. Мұның бәрі сенімді қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, ұлттандыру қатерінен сақтайды. Олар өндірістік және сауда кәсіпорындарын өздеріне ыңғайлы жерлерге орналастырады.

«Қабылдаушы жақтардың» мүдделерін әрдайым ескеріле бермейді.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Жеке адамдардың халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі мүмкіндіктеріне мысал келтіріңіз.

1–деңгейлік сұрақ. Әрбір мемлекет қайраткері халықаралық саясат субъектісі ретінде қабылданбайды деп қалай түсіндіруге болады?

1–деңгейлік сұрақ. Апартеид дегеніміз не түсіндіріңіз.

2–деңгейлік сұрақ. Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретінде мәнін жоғалтпай, жаңа акторларға бой алдырмай отыруын қалай түсіндіресіз?

2–деңгейлік сұрақ. ХҮЕҰ мен ТҰК-ң халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі болашағы қалай деп ойлайсыз?

2–деңгейлік сұрақ. Халықаралық құқықта терроризмнің жалпы танымы сипаттамасы неге жоқ түсіндіріңіз

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастардың субъектісі және акторы терминдерінің айырмашылығын түсіндіріп беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Мемлекеттің халықаралық қатынастардың акторы ретіндегі орны мен ролін сипаттап беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Әрбір мемлекет қайраткерінің халықаралық актор ретінде саналмау себебін қалай түсіндіресіз

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық қатынастардың қатысушысы ретіндегі мемлекеттің ролі және мәні. Халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес қатысушылары.

БӨЖ тапсырмалары: Үкіметаралық ұйымдардың негізгі белгілері мен типологиясы.

Негізгі әдебиеттер :

1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.

2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев

3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.

4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.

5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.

- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні,Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları